

Республикалық маңызы бар Тарбағатай мемлекеттік табиғи қамалының (зоологиялық) аумағын азайту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № 459 қаулысы.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 6-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық маңызы бар Тарбағатай мемлекеттік табиғи қамалының (зоологиялық) аумағы 9363 гектарға азайтылсын.

2. "Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесінде:

"Шығыс Қазақстан облысы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 48-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

48	Тарбағатай мемлекеттік табиғи қамалы (зоологиялық)	230637	Зайсан және Тарбағатай аудандары	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
----	--	--------	----------------------------------	--

"

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов